

Астрахан ауданы бойынша 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 7 маусымдағы № 114 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 6691 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астрахан ауданы бойынша 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері, осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

Астрахан ауданы әкімдігінің "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімін анықтау туралы" 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 97 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-152 болып тіркелген, 2011 жылғы 6 мамырда аудандық "Маяк" газетінде жарияланған) қаулысы;

Астрахан ауданы әкімдігінің "Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 97 "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімін анықтау туралы" Астрахан ауданы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2011 жылғы 26 мамырдағы № 143 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-154 болып тіркелген, 2011 жылғы 24 маусымда аудандық "Маяк" газетінде жарияланған) қаулысы.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Б. Мұқұшевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданы бойынша 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№ р/с	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері
1.	Жаздық бидай	15 мамырдан 8 маусымға дейін
2.	Жаздық арпа	25 мамырдан 15 маусымға дейін
3	Сұлы	25 мамырдан 15 маусымға дейін
4	Біржылдық шөпке, жасыл азыққа	12 мамырдан 15 маусымға дейін
5	Судан шөбі шөпке, жасыл азыққа	17 мамырдан 15 маусымға дейін